

ӘОЖ 330.342

А.Қ. Өтешова

Қазақ-орыс халықаралық университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ.
E-mail: alma_081@mail.ru

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында шағын және орта бизнестің даму жағдайы

Мақалада Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуының басым бағыттарының бірі ретінде шағын және орта бизнесті дамыту мен қолдау мәселелерін ашады. Кәсіпкерлік кәсіпорынның экономикалық дамуының маңызды факторы. Кәсіпкерлік қызмет – еліміздің экономикасы үшін халықтың әлеуметтік тұрмыс жағдайының жақсаруына әрекет ететін қажетті буын.

Мақалада бизнесті дамыту мәселелерінде еліміздің табысқа жетуі үшін салыстыру талдаулар келтірілген. Шағын және орта кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан қолдау көрсетуді жеделдету шаралары. Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі. Шағын және орта бизнес кәсіпорындарының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының жұмыс ерекшеліктері. Шағын және орта кәсіпкерліктің шетелдік тәжірибесі қарастырылған. Бірақ мемлекет тарапынан бөлінген қаржылық қолдаудың жетіспеушілігі, бағаның өсуі, жергілікті кәсіпкерлердің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі және тағы басқа себептер өз кезегінде әрбір саладағы кәсіпкерлік қызметке теріс ықпалын тигізіп отыр.

Түйін сөздер: шағын орта бизнес, кәсіпкерлік, мемлекетті қолдау, инновация, бәсекелестік, инвестициялар.

А.К. Oteshova

The state of development of small and medium business in the program « Road map business-2020»

The author of the article reveals the problems of development and support of small and medium business as one of the priority directions of industrially-innovative development of the Republic of Kazakhstan. Entrepreneurship is an important factor in economic development of the enterprise. Entrepreneurship is a necessary link that helps to improve the welfare of the people, to shape a competitive economy, its modernization and diversification. The comparative analysis of countries successes achievement, the issues of business development .Measures of rendering support of small and medium business are provided in material. Benefits are small and medium business economy. To provide regular work of small and medium business. Features program “Road map business-2020”. Foreign experience of small and midsize businesses was also examined. The main factors restraining the development of entrepreneurship in each industry are: the limited financial resources allocated to support businesses, a sharp jump in prices, the low level competitiveness of local entrepreneurs.

Key words: the medium small business, business, support of the State, innovation, competition, investments.

А.К. Oteshova

Состояние развития малого и среднего бизнеса программы «Дорожная карта бизнеса-2020»

В статье раскрывается проблемы развития и поддержки малого и среднего бизнеса, как одного из приоритетных направлений индустриально-инновационного развития Республики Казахстан. Предпринимательство является важным фактором экономического развития республики. Предпринимательская деятельность – необходимое звено, способствующее улучшению благосостояния народа, формированию конкурентоспособной экономики, ее модернизации и диверсификации. В материале приведен сравнительный анализ достижения успехов стран в вопросах развития бизнеса. Меры ускорения оказания поддержки со стороны государства малому и среднему бизнесу. Вклад в экономике малого и среднего бизнес. Обеспечить постоянную работу малого и среднего бизнеса. Особенности работы программы «Дорожная карта бизнеса-2020». Также рассматривался зарубежный опыт малого и среднего бизнеса. Основными факторами, сдерживающими развитие малого бизнеса в каждой отрасли называются: ограниченность финансовых средств, выделяемых на поддержку предпринимательской деятельности, резкий скачок цен, низкий уровень конкурентоспособности местных предпринимателей.

Ключевые слова: малый средний бизнес, предпринимательство, поддержка государства, инновация, конкуренция, инвестиции

Нарықтық қатынастар көптеген адамдардың «өз ісіне» деген табиғи ұмтылуды тудырып, өздерінің меншіктерін арттыра түседі. Ең соңында бұл қызметтің ерекше түрі – кәсіпкерлік қайраткерлікке әкеп соғады. Сонымен, кәсіпкерлік дегеніміз – адамдар мен олардан құрылған бірлестіктердің белсенді, дербес шаруашылық қызметі. Оның көмегімен адамдар тәуекелге бел буып, мүліктік жауапкершілікті сақтай отырып, пайда табу жолын көздейді.

Кәсіпкерлікті шығармашылық күш-жігерді жүзеге асыруға, экономикалық және ұйымдастыру ісінде тапқырлыққа, жаңашылдыққа жетелейді. Кәсіпкерлікті жаңа тұрғыдан түсіндіргенде мынадай екі жағдайға: біріншіден, коммерциялық бағыт-бағдарға, тәуекелдік бел буушылық пен дербестікке, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, кездескен кедергілерді жеңе білуге; екіншіден, экономикада, ұйымдастыру ісінде тапқырлық пен жаңашылдық танытуға, ғылыми-техникалық прогреске жетуге тікелей қатысты.

Кәсіпкер қабылданған заңға қайшы келмейтін қызметтің қандай да болмасын түрімен айналыса алады. Олар: шаруашылық-өндірістік, сауда-көтерме сату, жаңартпашылық, көрсетілетін консультациялық қызметтер және басқа да коммерциялық делдалдық сол сияқты құнды қағаздар операциялары.

Бүгінде шағын және орта кәсіпкерлік инновациялық экономикада өз орнын жедел іздеу үшін өзінің икемділігін, ұтқырлығын, рыноктік объективтілігін пайдалануы қажет жағдайды түсінді. Мемлекет, өз кезегінде кәсіпкерлік ортаның бастамаларын іске асыру үшін қолайлы жағдай жасауы және өз көмегін шағын және орта кәсіпкерліктің бәсекеге қабілеттілігі тұрғысынан едәуір әлеуеті бар кәсіпорындарға және елдің ғылыми-технологиялық әлеуетін арттыруға бағыттауы тиіс.

Алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың жедел шараларын қабылдауда. Осы бағдарлама кластерлік-желілік ұстаным негізінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың жаңа мемлекеттік саясатына және мемлекет пен бизнестің өзара қатынасының жаңа идеологиясына көшудің өтпелі кезеңі ретінде қаралады. Қазақстан Республикасы Президентінің “Жаңа

әлемдегі жаңа Қазақстан” атты Қазақстан халқына 2007 жылдың 28 наурызындағы Жолдауында шағын және орта бизнеске қолдау көрсетудің жүйелі іс-қимылдары баяндала отырып, кәсіпкерлік ортаны одан әрі нығайтуға айрықша көңіл бөлінген. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың басты мәселенің бірі – шағын және орта кәсіпкерлік инфрақұрылымы. Сондықтан да алға қойған мақсатымыздың ең басты мәселесі инфрақұрылым институттарын дамыту мен оны жоғары деңгейге жетілдіру – осы мәселе шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуда аса зор маңызға ие.

Шағын және орта бизнестің салаларды қалыптастыруда айрықша басымдықтарға ие екенін бүгінгі күні біз нық сеніммен айта аламыз. Ол нарықты экономиканың басты қозғаушы күші болып табылады және бүгінгі күні мемлекеттің алдында тұрған бірқатар әлеуметтік, экономикалық міндеттерді шешуге лайықты үлес қоса алады.

Бизнестен жаңадан шұғылданушы кәсіпкер шағын бизнестің басты артықшылықтарын жақсы білу керек. Ол оған өзінің фирмасын құрып, оны әрі қарай жетілдіруде зор демеу болады.

1. Тәуелсіз жұмыс істеу . Шағын фирмалардың көбі басқару иерархиясын сақтамайды. Бұл ынталы да жігерлі кәсіпкерге іс-әрекет бостандығын береді .

2. Икемді әрі тез шешімдерді қабылдау мүмкіндігі. Ірі корпорацияларға қарағанда шағын бизнестегі басқару шешімдерін қабылдау құрылымы оңтайландырылған, бұл болып жатқан өзгерістерге дер кезінде әрекет ету мүмкіндігін береді.

3. **Жергілікті жағдайға икемді болу.** Шағын бизнес жергілікті нарықтың сұраныстарын, салттарын, әдеттерін зерттеуге толық икемделген.

4. **Операциялық шығындары төмен болады.** Жалақы қоры біршама төмен, жабдықты сатып алу көп инвестицияны талап етпейді, басқаруға арналған шығындар азаяды.

5. **Материалдытабысқа тез жету мүмкіндігі.** Сіз бірмезгілде жалақыны да, бизнестен түсетін үлес ақыны да аласыз.

6. **Ұзақ мерзімді пайдалар.** Егер ісі оңға басса, кәсіпкер өзісін керек болған кезде тез әрі тиімді сата алады.

7. **Бірнеше мамандықты алып жүру. Көп адам** әмбебап болуға тырысады (қаржы маманы, менеджер т.с.с.).

8. **Өзіндік немесе дербес нарық артықшылығы.** Әдетте ірі бәсекелес компаниялардың іс-әрекеттері бас кеңселері қарастырған процедураларға тәуелді болады. Шағын бизнес оларға қарағанда ширақ келеді, әсіресе нарық белгілі бір шарттарға немесе белгілі бір мерзімге байланысты болған жағдайда.

9. Кәсіпкерлік **рухты сақтай білу.** Дүние жүзілік статистикаға жүгінсек шағын фирмалардың инновациялық, кәсіпкерлік рухы өте жоғары болады, оған заманауи салаларда (электроника, гендік инженерия, компьютерлер) шағын бизнестің басым болуы дәлел болады. АҚШ-та шағын кәсіпорындарда істейтіндер арманшыл, қиялшыл болып келеді деседі.

Біріншіден, шағын және орта бизнестің тұрғындарды жұмыспен қамтудағы орны ерекше. Мұны қолда бар мәліметтердің өзі көрсетіп отыр. Соңғы бес жылда экономикада шағын және орта бизнес саласында жұмыс жасаушылардың жалпы саны едәуір өскенін байқауға болады.

Соның нәтижесінде жұмыссыздардың саны азайды. Ақтөбе облысында «Кедергісіз кәсіпкерлік» Өңірлік бағдарламасы аясында кәсіпкерлерге құқықтық көмек көрсету үшін бірқатар игі шаруалар тындырылып жатыр.

Бағдарламаның басты мақсаты – кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, қадағалаушы-бақылаушы органдар тарапынан заңсыз тексерулер жүргізудің алдын алу және жол бермеу, осы саладағы шешуі қиын мәселелерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау. Сондай-ақ, прокуратура органдарының мәртебесін көтеру және оларға халықтың сенімділігін арттыру. Осы жағдайларға байланысты бағдарламаны іске асыру аясында сараптау кеңесі құрылды.

«Атамекен Одағы» ҰЭКП базасының негізінде кәсіпкерлік мәселелері бойынша қоғамдық қабылдау ұйымдастырылды. Сонымен қатар «Көліктегі қоғамдық қабылдау», «Шенеунік және кәсіпкер», «Кәсіпкермен бірлесіп мемлекеттік органдар арқылы» акциялары өткізілуде.

Кешенді жұмыстардың нәтижесі де аз емес. Мәселен, жыл басынан бері облыстық прокуратура кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға бағытталған 62 тексеру жүргізген.

Қорытындысында 327 заң бұзушылық анықталды және бүгінгі күні олардың 271-і жойылып, қалпына келтірілген. Заңбұзушылықтарды жою туралы енгізілген 42 ұсыныстың – 26-сы, 3 ұйғарым, 4 наразылық қаралып, 1 алдын ала ескерту жарияланды, 7 заңға түсіндірме беру жұмыстары жүргізілген.

Қадағалау актілерін атқару нәтижелері бойынша 209 кәсіпкерлік субъектісінің құқықтары қорғалған. 5 заңсыз құқықтық актінің күші жойылыпты. 29 тұлға – тәртіптік, 10 тұлға – әкімшілік жауапқа тартылған.

Қазіргі уақытта облыстық прокуратура органдарында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында мобильді топтар құрылды. Жыл басынан бері мобильді топтарға 40 дабыл түскен. Оның 18-і – расталды, 60 заң бұзушылықтың алды алынды. Облыстық прокуратураның араласуымен кінәлі тұлғалар жауапқа тартылды. Нақтырақ айтқанда, заңсыз тексеру жүргізгені үшін 6 тұлға – әкімшілік, 7 тұлға – тәртіптік жауапқа тартылды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сәуір айында Ақордада өткен Кәсіпкерлер кеңесінің отырысында: «Мемлекеттің ұстанымы біреу: жеке бизнесменнен бастап ірі холдингке дейін кәсіпкерлерді қолдау – басты экономикалық және әлеуметтік міндет» деген болатын. Біздің облыста Мемлекет басшысының тапсырмасын орындауда біраз шаруа тындырылып жатыр. Соның бір парасы – облыстық прокуратура жанынан құрылған сараптау кеңесінің жұмысы. Шағын және орта бизнес субъектілерін мемлекеттік органдардың заңсыз тексеруінен қорғау мақсатындағы жұмыстар – кәсіпкерлерге көрсетіліп жатқан үлкен қолдау, көмек [1].

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған жаңа индустрияландыру бағдарламасының негізгі мақсаты орта және шағын бизнес «экономиканың локомотиві» болуына ықпал етіп, жұмыссыздық мәселесін шешуге бағытталған.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2010 жылдың қаңтарындағы Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауында кәсіпкерлер жаңа нарықты игеріп, инновацияны енгізу қажеттігіне тоқталған.

Соған байланысты Президент үкіметке аймақтарда кәсіпкерлікті дамытуға ықпал ететін бірыңғай бюджеттік бағдарламаны енгізуді

қамтамасыз етуін жүктеген. Бағдарламаға «Бизнестің жол картасы-2020» деген атау берілді.

Қазір аталған бағдарлама жаңа индустрияландыру мембағдарламасын жүзеге асырушы негізгі тетік болып табылады. Осы бағдарлама аясында Қазақстанда соңғы үш жылда жеке кәсіпкерлік субъектілерінің саны тұрақты түрде артып, бизнес-орта айтарлықтай жақсарды.

Бағдарлама мемлекеттік бюджеттен бірқатар бағыттар бойынша қаржыландырылуда. [2]

Республикамыздағы шағын кәсіпкерлік субъектілері 2013 жылдың ақпанына 233 417 бірлікті құрап, 2012 жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 6,4%-ға артты. Сонымен қатар, ол заңды тұлғалардың жалпы саны өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 5,7%-ға артып, 321 617 бірлікке жетті. Айта кету керек, адам саны 50-ге жетпейтін субъектілер саны 302 020 бірлікті құрады. Жалпы алғанда еліміз бойынша шағын кәсіпорындар саны, ағымдағы жылдың ақпанына жасалған мәлімет бойынша 161 276 бірлікті құраған.

2010 жылдан бастап жүзеге асырылып келе жатқан «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы 2020 жылға дейін жоспарланған. Бағдарлама шеңберінде екі түрлі қолдау көрсетіледі, соның бірі – қаржылай қолдау құралдары және қаржылай емес қолдау көрсету.

Біріншіден, **екінші деңгейлі банктерден несиені алу үшін кәсіпкерлерге «Даму» қоры арқылы мемлекеттік кепілдеме беріледі.** Банктерден несиені алу үшін міндетті түрде кепілдеме болуы қажеттігін және кепілдеменің көлемі несиені 100 пайыздан астам қамтамасыз етуі керектігін білесіз. Егер кепілдемеге қойылатын мүлік жеткіліксіз болса, «Даму» қоры ісін енді бастайтын кәсіпкерлерге (яғни тіркелгеніне бір жыл болмаған және несиені алу тарихы жоқ) несиенің 70 пайызына дейін кепілдеме береді. Ісін жаңадан бастайтын кәсіпкерлерге кепілдеме берілетін несиенің сомасы 20 миллион теңгеден аспауы керек.

Бұған қоса жұмыс жасап жатқан кәсіпкерлерге де кепілдеме береді. Ол жедел және жеке кепілдеме болып екіге бөлінеді. Жедел кепілдеме жөніндегі кепілдеме 5 жұмыс күні ішінде қабылданады және жалпы сомасы 60 миллион теңгеден аспайтын несиенігерлерге несиенің құнының 50 пайызына дейін кепілдеме

береді. Яғни 60 миллион теңге несиені алатын кәсіпкердің 30 миллион теңгесіне кепілдеме береді. Ал жеке кепілдеме туралы шешім 15 күннің ішінде қабылданады және несиенің жалпы сомасы 300 миллион теңгеден аспауы керек. Бұрын бұл сома 4,5 миллиард теңге болатын, үкіме қаулысымен 300 миллион теңгеге дейін төмендетілді.

Бағдарлама жұмыс жасай бастаған уақыттан бері «Даму» қорының облыстық филиалы тарапынан 19 кәсіпкерге кепілдеме берген. Олардың дені жұмыс жасап жатқан кәсіпкерлер. 2010 жылға дейін тек несиенің 50 пайызына дейін кепілдеме беріліп келген болса, 2011 жылы енгізілген өзгерістерге сәйкес, былтырдан бастап 70 пайыз кепілдеме берілетініне, басқа да талаптардың жеңілдетілуіне байланысты ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер саны да көбейіп келеді. Сонымен қатар бұрын аталған бағдарламаға міндетті түрде 15 пайыз көлемінде өз ақшасымен және 25 пайыз көлемінде мүлкімен қатысу тиіс болатын болса, 2011 жылы ақшасымен қатысу 10 пайызға дейін, мүлкімен қатысу 20 пайызға дейін төмендетілген болатын [3].

Сыйақы мөлшерін субсидиялау – «Даму» қорының қаржылай қолдауының екінші бағыты болып есептеледі. Өзіңізге белгілі, егер кәсіпкер банктен несиені алатын болса, оның сыйақы мөлшері 15-16 пайыздан жоғары болады. Бұған операциялардың комиссияларын қосыңыз. Ал «Даму» қоры еліміздегі 24 екінші деңгейлі банкпен келісімге келе отырып, кәсіпкерге берілетін несиенің сыйақы мөлшерлемесін 14 пайызға төмендетті. Яғни банк кәсіпкерге несиені 14 пайызбен береді және несиені ірәсімдегені үшін кәсіпкерден ешқандай ақша алмайды. Банктерден 14 пайызбен алған несиенің 7 пайызын кәсіпкерге «Даму» қоры өтеп береді, яғни кәсіпкердің несиені бойынша сыйақы мөлшерлемесі 7 пайыздан жоғары болмайды. Бұл кәсіпкерге беріліп отырған үлкен көмек. Тағы бірайт кетерлігі – «Даму» қоры бұл бағытта тек қана екінші деңгейлі банктер мақұлдаған жобаларға ғана көмектесе алады. Алғашқы уақытта субсидия үшжылға беріледі, одан соң 10 жылға дейін немесе несиенің мерзімінің аяғына дейін созуға мүмкіндік бар.

Бағдарлама шеңберінде бекітілген сома бар, яғни субсидия алған жағдайда жалпы сома 1,5 миллиард теңгеден аспауы керек.

Біріншіден, кәсіпкерлік экономиканың басым бағыттарына сәйкес болуы керек. Екіншіден, банктің қояр талабында ескеру керек. Банктің қояр талабы — кәсіпкердің кемінде 6 айбойы жұмыс жасап тұрған бизнесі болуға тиіс. Алісін жаңадан бастап жатқан кәсіпкердің басқа бір кәсіпкерді, небір кәсіпорынды өз міндеттері бойынша грант ретінде тартуға мүмкіндігі бар. Немесе бұл тығырықтан шығудың мынадай тағы бір жолы бар: «Даму» қоры «Бизнестің жол картасы» шеңберінде осы бекітілген шарттарға сәйкес, «Центркредит» банкпен қосымша келісімге қол қойды. «Дамудың» «Start Up» деп аталатын бұл жобасы ісін жаңа бастаған, ешқашан несие алмаған, кәсібі жоқа дамдарға несие беруге бағытталған. Бұл жоба бойынша кәсіпкер несие құнының 36 пайызын өзі табуы керек, мысалы, ол 1 миллион теңгесіне алатын болса, оның қолында 360 мың теңге болуға тиіс. Ол аталған қаржысын банкке депозитке салады, қалған 64 пайызына «Даму» қоры кепілдеме береді. Кәсіпкер несие толықтай өтеген соң банк 36 пайыз көлеміндегі депозитін кәсіпкердің шотына қайтадан аударып береді. Бұл жобаға қатысудың бір талабы — кәсіпкер «Бизнес-кеңесші» оқыту курстарына қатысып, сертификатталған болуы керек немесе «Даму» қорына келіп, оқу құралдарын алып, сол бойынша тест тапсырып, анықтама алуға тиіс.

Бағдарлама шеңберінде кәсіпкер **өндірісті кинфрақұрылымды дамыту** бағытында қолдауға ие бола алады. Яғни «Даму» қоры кәсіпкерге бизнес нысандарына қажетті инфрақұрылымды — су құбырын, газ, электр желілерін, автокөлік жолдары, кәріз, теміржол түйісі секілді инфрақұрылымды тегін тартып береді. Бұл жағдайда инфрақұрылымды тарту жұмыстарының құны жобаның жалпы құнының 50 пайызынан аспауы керек. Бұл үшін кәсіпкерден біртүгел ақша жұмсалмайды. Ол үшін кәсіпкер облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына, яғни бағдарламаның үйлестірушісіне барып, қажетті құжаттар тізімін алып, жинақтап, жобаның техникалық экономикалық негіздемесін жасап, оны аймақтық үйлестіру комиссиясына шығарады. Комиссия тарапынан мақұлданған жобабойынша инфрақұрылым тартылады.

Қаржысы да көп емес, кәсібі де жоқ адам былтыр енгізілген «**Гранттық қаржыландыру**» бағдарламасына қатыса алады. Бағдарлама был-

тыр енгізілгенімен, былтырдан бастап жүзеге асырылып жатыр. Аталған жоба бойынша ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге қайтарымсыз, ақысыз негізде 3 миллион теңге грант беріледі. Бұлған қатысу үшін қойылатын талаптар: біріншіден, жүзеге асырылатын жоба «Бизнестің жол картасы» бойынша басым бағыттарға сәйкес болуы және өте ерекше болуы керек. Және ескерте кетерлігі, грант ғимарат салуға берілмейді. Яғни оның жеке немесе жалға алған ғимараты болуға тиіс. Жоба жүзеге асыруға дайын болуы керек. Бұл бағдарламаға кәсіпкер 20 пайыз өз қаражатын қосады. Яғни грант көлемі 3 миллион теңге болатын болса, кәсіпкердің 600 мың теңге қаражаты болуға тиіс.

Ақтөбе облысында жыл басынан бастап конкурс бойынша өтініштер қаралып, мамыр айында 4 жоба жеңімпаз деп танылды. Олардың қатарында заманауи бүрку әдісін қолдану арқылы ауыл шаруашылығы дақылдарын химиялық қорғау, ауыл шаруашылығы дақылдарын егуді өңдеу үшін шағын габаритті жедел суғару құралдарын өндіру, жабдықтарды абразивті тозудан қорғауға бағытталған қызмет көрсету кәсіпорнын ашу және биопроцессорларды шығару жөніндегі төрт жоба бар.

Егер грантты алған адам қаражатты мақсатсыз пайдаланса, кәсібін бизнес-жоспарға сәйкес жүргізбесе, онда грант сомасы мемлекетке қайтарылуы тиіс. Ал егер ол мақсатқа сай пайдаланылып, бірақ сыртқы факторлардың әсерінен кәсіп жүрмей қалса, оны бұл мәселеге қатысты шешімді облыстық әкімдік жанындағы комиссия қабылдайтын болады. Қорыта айтсақ, мұның барлығы бағдарламаның кәсіпкерге қаржылай қолдау көрсетуге арналған бағыттары. Бұдан өзге, жоғарыда айтып кеткеніміздей, «Даму» қоры «Бизнестің жол картасы — 2020» бағдарламасының төртінші бағыты, яғни кәсіпкерлерге қаржылай емес қолдау көрсету бағытының операторы болып табылады. Бұл бағыт бойынша мынадай төрт бағыт бойынша қолдау көрсетіледі — «Бизнес-кеңесші», «Сервистік қолдау көрсету», «Шағын және орта бизнестің топ-менеджментіне оқыту» және «Іскерлік байланыстар жобасы».

«Даму» қорының кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы бұл жұмыстары еліміздегі кәсіпкерліктің дамуына зор мүмкіндіктер беріп отыр. Жалпы, «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы іске асырыла бастаған уақыттан

бері Ақтөбе облысында аталған бағдарлама бойынша аймақтық үйлестіру кеңесі жалпы құны 37 285 миллион теңге болатын 251 жобаны мақұлдаған. Оның ішінде жалпы құны 26 773 миллион теңге болатын 213 жобаға пайыздық мөлшерлемені субсидиялау бойынша нақты қолдау көрсетілген. Сондай-ақ жалпы құны 958 миллион теңге болатын 19 жоба бойынша «Даму» қорының кепілдемесі берілген.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын жүзеге асыру аясында Ақтөбе облысында 1 мың кәсіпкерге субсидия түріндегі мемлекеттік қолдау көрсетілген. Жол картасы жүзеге асыру барысында 1 мыңнан астам шағын және орта бизнес субъектісіне қолдау көрсетілді. (1-сурет)


«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын жүзеге асыру аясында 6,7 млрд теңге

игерілген, бағдарламаны орындау арқылы 11 мыңдай жұмыс орны сақталды, 5 мың жаңа жұмыс орны құрылды.

Бұдан өзге, әкім кәсіпкерлік саласында бүгінде 117 мың адам еңбек ететінін, бұл былтырғы көрсеткіштен 7,5% көп екендігін басып айтты.

Оның мәліметінше, тоғыз айда шағын және орта бизнес субъектілернен бюджетке шамамен 80 млрд теңге түскен. Сондай-ақ, шағын және орта бизнес шығарған өнімнің көлемі шамамен 315 млрд теңгені құрады. [4]

«Бизнестің жол картасы-2020» аясында пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға жобалар болмаған өңірлерде қазір жұмыстар жүргізіліп жатыр, жылдың соңына дейін бағдарлама құралдарымен 15 аудан, 28 аудан келесі жылы қамтылады. 2014 жылға қарай елдің барлық өңірлері осы бағдарламамен қамтылмақ.



1-сурет – «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы арқылы жұмыс жасаушылар саны

Ақпарат көзі: Автормен құрастырылған.

Астана қаласының экономикалық әлеуетіне тоқталған әкім, «соңғы төрт жылдың нәтижесінде қаланың экономикалық және физикалық өсімінің үрдісі жалпы елордадағы жалпы өңірлік өнімнің (ЖӨӨ) құрылымында сапалы өзгерістерге жол ашты. Егер де осыны тыңғылықты қарастыратын болсақ, біріншіден – жалпы өңірлік өнімдегі қамтуда қызмет көрсетудің үлесінің тұрақты өсімі байқалуда. 2007 жылмен салыстырғанда ЖӨӨ-дегі қызмет үлесі 7 пайызға артты және 2012 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша 62 пайызды құрап отыр», – деді.

Оның сөзінше, 2012 жылдың үшінші тоқсанында 2011 жылдың 9 айына қарағанда

құрылыс жұмыстарының көлемі 12,1 пайызға жоғарылаған.

Қаланың саяси және әкімшілік мәртебесіне қарамастан Астананың экономикасы нарықтың сұранысына нақты іс-қимылдар жасай бастады. Бәрінен бұрын шағын және орта бизнес субъектілерінің жандануын атап өтуге болады. Бүгінде кәсіпкерлік секторы қала экономикасының 60 пайыздық үлесін қамтып жатыр.

Биылғы қыркүйектің басында тіркелген шағын бизнес субъектілерінің саны 40 мың 751-ді құрап, бұл 2011 жылдағы көрсеткіштен 5,7 пайызға артық.

Шағын және орта бизнес өндіріп шығарған

өнімнің көлемі 2012 жылдың қаңтар-тамызында 608 млрд. теңгеден астам қаржыға жетті.[5]

«Түрлі есептерге қарағанда, Қазақстанда соңғы 7 жылда ішкі нарықтағы орта және шағын бизнес өндірген өнімнің көлемі 30-33% шамасында болған. Ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш ЖІӨ-нің 60%-ын құрайды.

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау шаралары:

жаңа технологияларға (технологиялар мен экономикалық ақпараттар ұсыну, консультация және оқыту) қол жетімділікті жеңілдетуге;

рынок капиталына (салық жеңілдіктері, амортизацияның ерекше нормалары, мемлекеттік субсидиялар, рыноктік және жеңілдікті кредитті ставкалар арасындағы айырмашылықты қаржыландыру түріндегі жеңілдікпен кредит беру) қол жетімділікті жеңілдету;

кәсіпкерліктің инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдесетін кластерлік-желілік ұстанымды енгізу арқылы шағын компаниялар мәселесі бойынша туындайтын проблемаларды шешуге бағытталған.

Қазіргі өтпелі нарық қоғамында өнеркәсіп ошақтарын оңалту, демеу және қаржылай сауықтыру үрдісі жүргізілуде. Ендігі кезде тұралаған кәсіпорындарды банкроттыққа ұшырату, яғни оның дерменсіздігін белгілеп, таратуға негіз салу маңызды. Кәсіпкерлікті ұйымдастырудың ең қарапайым формасы – ол жеке іскерлік. Бұл жағдайда кәсіпкер жеке тұлға ретінде кәсіпорынның мәртебесін иеленбей-ақ, өздігінен іс-қимыл жасайды. Жеке кәсіпкерліктің тағы бір түрі – жеке кәсіпорын, фирма. Бизнесінің мұндай формасында мекеме құру құқы кез келген азаматта бар. Бұл үшін жеке кәсіпорынды тіркеуден өткізіп, заңды тұлға мәртебесін алады. Яғни, Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті дамытуға толық жағдай бар деген шешімге келемін. Және де жұмысымды қорытындылай келе, кәсіпкерлікті дамытуға қол байлау болып отырған кедергілер жыл азайып келеді, себебі бақылау бар, егер шағын және орта бизнесті қорғау мен қолдау күшейе түссе, елімізде кәсіпкерлік дамып түседі, одан әрі дамып бермек деген байламмен тоқталғым келеді.

Әдебиеттер

1. Базылқызы Г. Кәсіпкерлерге қолдау көрсетіледі. Ақтөбе облыстық саяси қоғамдық газеті. 19 қыркүйек 2013. №115. – 2бет
2. Орта және шағын бизнес субъектілері «экономиканың локомотиві» болуы керек. 30 маусым 2013. BNews.kz
3. ҚР-да шағын және орта бизнес субъектілерінің саны өсуде – Статистика агенттігі 2013 жылдың 14 наурызы. www.stat.kz.
4. БЖК-2020 аясында Ақтөбе облысының мыңнан астам кәсіпкері субсидиялар алды. 2013 жылдың 08 қарашасы. www.primeminister.kz
5. Қазақпарат Астанада шағын бизнес субъектілерінің саны 40 мың 751 жетті. 13.10.2012 ult.kz/kz/

References

1. Bazylykzy G. Kasipkerlerge koldau korsetiiedi. Akobeoblystyksayasikogamykgazeti. 19 september 2013. №115 .-2 s
2. Ortazhaneshagynbusinesscubektleri«ekonomikanynlomotidi» boluikerek. 30 June 2013. BNews.kz
3. KR-dashagynzhaneortabusinesscubektlerininsanyosude- Statistikaagenttigi2013 zhyidy March 14. www.stat.kz.
4. BZHК-2020 ayasynda Aktobe oblysynyn mynнан astam kasipkeri subsideyalar aldy. 2013 zhyidy 08 karashasy. www.primeminister.kz
5. Kasakparat Astanada shagyn business cubektlerininy sany 40 mynv 751 zhetti. 13.10.2012 ult.kz/kz/